

МРНТИ 14.85.35

К.М. Бегімбай

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: begimbai@hotmail.com)*

Дизайн салаларына маман даярлау үрдісінде компьютерлік технологияларды қолданудың маңызы

Аннотация: Қазіргі дизайн саласында еңбек етуге әзір, озық технологияларды қажетті деңгейде меңгерген жас маман дайындау – өзекті мәселерлердің бірі. Болашақ маманға қойылатын талаптарды саралайтын болсақ, олар мынадай: біріншіден – көркем заңдылықтарды жете меңгерген; екіншіден – заманауи технологияларды жоғары кәсіби деңгейде қолдана білуге дағдыланған; үшіншіден – ой-өрісі кең, шығармашылық қаблеттілігі өте жоғары қоғам мүшесі болуы шарт.

Кілт сөздер: ақпараттық технологиялар, компьютерлік технологиялар, дизайн салаларындағы компьютерлік технологиялар, педагогикалық шарттар, болашақ мамандарға қойылатын талаптар.

Адамзат қоғамының қарқынды дамуына жаңа ақпараттық технологиялардың ықпалы өте зор. Еліміз бүкіл адамзат өркениетінің бір бөлшегі ретінде онымен бірге дамып отыруы заңдылық. Соңғы 25 жыл ішінде дүние жүзінде болып жатқан техникалық прогресстің ықпалын біздің елімізде де айқын сезінеді. Қазіргі кезеңде заманауи компьютерлік технологияларды адамзат тіршілігінің көптеген салаларында тұтыну өріс алған. Әсіресе, өндірістегі электрондық техника өндіру, медицинадағы биотехнологияларды қолдану, ғылым мен білім беру саласында, мәдениет пен өнер саласында, көпшілік ақпарат құралдарында, кино мен теледидарда т.б. қолдану үйреншікті құбылысқа айналды.

Ақпараттық технологиялар дами келе компьютерлік технологиялардың небір ғажайып түрлерінің пайда болуына әкеліп соқтыруда. Бұрын тек орындалмайтын қиял болып есептелген заттар қазіргі күнде күнделікті тұрмыстың бір көрінісі болып табылады. Солардың бірі – компьютер адам қиялының сиқырлы құралы сияқты. Оның пайда болуы адам тіршілігіндегі көптеген бірсарынды өнімсіз тірлік түрлерінен босатып,

жоспарланған қызмет түрлерін жылдам орындауға мүмкіндіктер береді.

Адамның биологиялық қасиеттері мен ойлау қаблеттерінен әлдеқайда басым түсетін озық компьютерлік технологиялардың жаңа түрлері күн сайын пайда болуда. Бұл құбылыс игі ниетпен қолданылса, адамзаттың келешегі тек жақсылыққа тола болады деген ойдамыз. Осындай көмекші құралды ойлап тапқан адамзат оны өз мұратына дұрыс қолдана біледі деп сенеміз. Ал, бұл өз кезегінде қоғамның салаларының дамуына оң ықпал етері сөзсіз.

Осы мақсатты саналы әрі жоспарлы түрде іске асыру үшін, қоғамның дұрыс дамуына жауапты басты рухани салалар – ғылым мен білім беру және мәдениет пен көркем өнер қызметкерлері алға парасатты мақсат қоя білулері шарт. Солардың айқындаған бүкіл адамзат мүддесін қолдайтын парадигмалары ойдағыдай іске асырылуы қажет. Осы игі іске үлес қосу әр адамның да қоғам институттарының да ортақ міндеттері болып табылады. Сондықтан, бүгінгі күнде заман талабына сай кәсіби деңгейі жоғары маман дайындау – білім беру саласының басты міндетіне айналғанын біз өз тәжірибемізден жақсы білеміз.

Нақтылап айтар болсақ, қазіргі дизайн саласында еңбек етуге әзір, озық технологияларды қажетті деңгейде меңгерген жас маман дайындау – өзекті мәселерлердің бірі. Болашақ маманға қойылатын талаптарды саралайтын болсақ, олар мынадай: біріншіден – көркем заңдылықтарды жете меңгерген; екіншіден – заманауи технологияларды жоғары кәсіби деңгейде қолдана білуге дағдыланған; үшіншіден – ой-өрісі кең, шығармашылық қаблеттілігі өте жоғары; төртіншіден – адами қасиеттері мол және парасатты қоғам мүшесі болуы шарт. Еліміздің білім беру саласына ел басшымыздың қойып отырған талабы қарқында дамыған елдер қатарына қосылу мақсатында бәсекелестікке икем маман даярлау ісі осы күндегі ең басты нысана екенін де есте ұстауымыз керек. Білім сапасы мен кәсіби деңгейі жоғары мамандар ғана еліміздің әлемде құрметке ие болуының кепілі болмақ. Сондықтан, Қазақстанның әр білім ордасы өз қызметін осы мақсатқа жұмылдыруы қажет. Әрине, мақсатты айқындап алғаннан кейін, оны іске асыру шараларына кірісу керек.

Тарихқа үңілсек, Қазақстандағы дизайн салаларының дамуы еліміздің тәуелсіздік алған кезеңімен тұспа-тұс келеді.

Кеңес Одағының ыдырап, экономикалық дағдарысты бастан кешкен шағымызда, «темір жамылғының» жиырылған кезінде бүкіл әлемге есігіміз айқарыла ашылған еді.

Мәдениетіміз бен өнеріміз еліміздің дамудың бірбеткейлік тығырығында отырған шағындағы жағдайға байланысты тоқырау кешіп отырғанын дамыған елдердегі өркениеттің деңгейін көргенде түсіндік.

Көш кейін қалған экономикамыз бен рухани салаларымызды жандандыру оңайға түскен жоқ.

Дегенмен, қазіргі кезеңде озық тәжірибелерді жинақтау, оларды барлық салаларға енгізу осы күннің басты талабына айналды. Жоғарыда айтылған барлық салалардағы даму қарқынының күннен күнге үдей түсуі осы саясаттың нәтижесі.

Бұндай тарихи шолу дизайн саласының елімізде қалыптасуы кезеңдерімен қатар жүріп отырғанына куә болдық. Жалпы дизайн саласы елімізде бұрын қажетті деңгейде ескерілмеді. Жоспарлы экономика саясаты жүргізілген Кеңес Одағында тұтынушының әсемдікке талпынуын «өзімшіл буржуазиялық індет» деп бағалайтын. Батыс елдерде кемеліне жете дамып, көркем өнерде өз орынын алған дизайн саласына кеңес саясаткерлері кері көзқараспен қарады.

Өйткені, нарықтық экономиканың дамуы заттық ортаның эстетикалық тұрғыдан дамуына әсер ететін. Ал, ол өз кезегінде қоғамның әл-ауқатының өсуінің көрсеткіші ретінде қабылданатын.

Ол кезеңде біздің еліміздің азаматтары ұлан ғайыр еліміздің қай жерінде тұратынына қарамастан бір пошымды киім киіп, бірыңғай пішінді заттарды тұтынатын. Жарнама деген ұғым мүлдем жоқ болатын. Тұтынушының көңілінен шығу, оның талғамын ескеру деген түсінік те болмайтын. Сондықтан, көркем заңдылыққа бағынатын дизайн ұғымы да болған жоқ.

Жоспарлы өндірісте өндірілетінін бұйымдардың сыртқы сипатын айқындайтын «техникалық эстетика» заңдылықтары қолданылатын. Оның басты қағидасы – өндірістік шығын көлемі төмен, көп мөлшерде шығаруға ыңғайлы, пішіндері конвейірлік тәсілменен орындауға оңтайлы заттар жасау болатын.

Осындай тұрғыдан адамды қоршаған ортаны ұйымдастыру өз кезегінде олардың әсемдікті сезінуі мен сұлулыққа сүйсіну қаблеттіліктерін басып, бірыңғай бір сарынды ғұмыр кешуге

мәжбүрлейтін. Адамның басты қажеттіліктерінің бірі эстетикалық лаззат алу оның табиғи қасиеті екенін психология ғылымы дәлелдеп берген.

Адам психикасына қоршаған ортаның әсері көптеген ғылыми-ізденіс жұмыстарының негізі болды.

Қазіргі ақпараттық қоғам заманауи компьютерлік технологияларды жетік меңгерген біліктілігі және кәсіби икемділігі жоғары мамандарға мұқтаж. Заман ағымына тез бейімделе алатын дизайн салаларына қажетті мамандар даярлау осы мақсаттарға бағытталуда. Компьютерлік технологиялардың дамыған елдердегі дизайн салаларында кең қолданыста болуы біздің елдегі осы салаға маман даярлау жұмысында өз деңгейінде болуы шарт. Жаңа технологияларды адам қызметінің барлық салаларына жаппай енгізілуі білім беру саласын қайта қарастыру және оны дамытудың жаңаша түрлері мен жолдарын іздеуді міндеттейді.

Бұл мәселені теориялық негізін айқындап алғаннан кейін жасайтын келесі қадам – тәжірибе жүзінде іске асыру жолдарын қолға алу. Болашақ мамаманның алдында тұрған мақсат – оқу іргесінен еңбек нарығына аяқ басқан шақта оның қояр талаптарына сай болу. Ендеше нақты тәжірибе сабақтарында осы талаптарды еске ала отырып, кәсіби пәндерді құрылымдау және әдістемелік базасын жасауға кірісейік. Ол үшін қазіргі кезеңдегі оқу үрдісіне зер салып, жеткен жетістіктер мен кеткен олқылықтарды анықтар алуымыз қажет. Компьютерлік технологияларды дизанерлерді дайындау үдірісінде қолдану соңғы 15 жылда кең етек алуда.

Ендігі көңіл бөлуді қажет ететін мәселе дизайнерлердің кәсіби қалыптасуына әсер ететін компьютерлік технологияларды қолдану арқылы даярлаудың педагогикалық шарттары болып табылады. Оқыту барысында озық педагогикалық әдістемелерді қолданып, заман талабына сай маман даярлауды жүйелі түрде ұйымдастыру керек. Ол үшін оқу жоспарындағы компьютерлік технологияларды қолданудың үлесі жеткілікті көлемде болуын және оқу формаларының жаңаша түрлерін үрдіске енгізілуін қамтамасыз ету керек.

Дизайнерлердің кәсіби деңгейінің қалыптасу межесін анықтап, оның заман талабына сай болуына қол жеткізу керек.

Дегенмен, техникалық прогресс қарқынына ілесе алмай келе жатқан оқытушылар осы үдірістен тыс қалып, студенттермен салыстырғанда компьютерлік білімі мен дағдыларының жоқтығынан немесе ондай ептіліктерінің төмен деңгейде болуынан көшке ілесе алмай келе жатқан жағдайы бар. Сондықтан дәстүрлі оқыту технологияларын заманауи озық компьютерлік технологиялармен ойдағыдай ұштастыра отырып, дизайн салаларына маман даярлау жұмысын қайта құру қажеттілігі туындайды.

Бұл үдірістің қажетті қарқынмен дамуына оқу орындарының қаржылық тәуелділігі де кедергі етуде. Жыл сайын көз ілестірмей тез дамып отырған компьютерлік технология өнімдерінің нарықтық бағасының қымбаттылығы мен бюджеттік жүйеге тәуелді оқу орындарының қаржылық мүмкіншіліктерінің шектеулі болуы мамандарды нарықтық еңбек салаларындағы бәсекеге сай кәсіби деңгейінің қажетті межеде болуына кері әсерін тигізетін екінші объективті себеп болып табылады.

Ал, үшінші себеп – дизайн мамандықтарының кәсіби арнай пәндерінің мазмұндық құрылымы мен әдістемелік деңгейінің қажетті деңгейден әлдеқайда төмен болуы. Алдыңғы екі қомақты себепті оқытушылар өз деңгейінде шеше алмағанымен, кәсіби арнайы пәндерді оқыту барысын компьютерлік технологияларды ұтымды пайдалау арқылы ұйымдастыруға ерікті. Ол үшін әр оқытушы өзінің кәсіби компьютерлік білімін көтеруге және оқытудың жаңа технологияларын меңгеруіне мүмкіншіліктері бар.

Осының дәлелі ретінде соңғы жылдары дизайн саласының мамандықтарын әзірлеуде қоланылып жүрген ғылыми ізденіс жұмыстардың негізінде пайда болған озық әдістемелерді атап өтуге болады.

Ақпараттық технологияларды оқу үдірісінде кеңінен қолдану осы күннің талабы. Соның бір бөлігі болып табылатын компьютерлік технологияларға тоқталып өтейік.

«Компьютерлік технологиялар» заманауи компьютерлік және басқа да техникалық құралдарды қолданудағы ақпараттарды жинақтау, өңдеу, сақтау және тасымалдау әдістері мен тәсілдерінің жүйелендірілген жиынтығы ретінде қаралады.

Дизайн саласындағы болашақ мамандардың кәсіби даярлығын арттырудың құралы ретінде қолданылатын

компьютерлік технологияларға интеллектуальдық оқыту жүйелерінің компьютерлі - құрылымдық түрлері, кәсіби компьютерлік графикалық пакеттерді қолдану технологиясы, қосалқы техникалық құрылымдарды қолдану әдістері және мультимедиа құралдары жатады.

Болашақ дизайнерлерді даярлаудың басты мақсаты – күрделі дизайнерлік көркем шешімдерді қолдануды талап ететін дизайн-жобаларды орындау әдістері мен тәсілдерін кәсіби деңгейде меңгеру болып табылады. Бұл тұста техникалық тұрғыдан меңгеру ғана емес сонымен қатар шығармашылық, эстетикалық тұрғыдан да қарау ескерілу керек.

Әдебиет тізімі

1. Бегімбай К.М. Компьютерные технологии обучения. «Хабаршы» Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ ғылыми журналы. –Астана, 2010. - Б. 123-128.
2. Нефедова Л.В. Информатизация образования: Теория и практика. Монография. – Астана: ЕНУ, 2005. - 215 с.
3. Исабек Н.Е. Студенттерді компьютерлік графиканы кәсіби іс-әрекетінде пайдалануға даярлау. Канд. дисс., - Алматы, 2005. – 127 б.
4. Бегімбай К.М. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы болашақ дизайнерлердің кәсіби даярлығын қалыптастыру жолдары // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2010. - № 2 (76). - Б. 56-64.

К.М. Бегімбай

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан*

Значение применения компьютерных технологии в процессе подготовки специалистов в сфере дизайна

Аннотация: Подготовка молодых специалистов готовых трудиться в сферах дизайна, владеющих на достаточном уровне передовыми технологиями является актуальной проблемой. Требования к будущим специалистам таковы: во-первых – овладевший основные художественные закономерности; во-вторых – владеющий на высоком профессиональном уровне современными компьютерными технологиями; в-третьих – с широким кругозором, высокие творческие способности.

Ключевые слова: информационные технологии, компьютерные технологии, компьютерные технологии в сферах дизайна, педагогические требования, требования, предъявляемые к будущим специалистам.

K.M. Begimbay

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The value of the use of computer technology in the training of specialists in the field of design

Abstract: The training of young professionals who are ready to work in the areas of design, owning at a sufficient level of advanced technology is an actual problem. Requirements for future specialists are as follows: firstly, mastering the basic artistic patterns; secondly – owning at a high professional level modern computer technologies; thirdly – with a broad outlook, high creative abilities.

Key words: information technology, computer technology, computer technology in the areas of design, pedagogical requirements, requirements for future specialists.

References

1. Begimbay K.M. Komp'yuternyye tekhnologii obucheniya [Computer technology training], Vestnik Evraziyskogo natsional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva [Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University], 2 (76), 123-128 (2010). [in Russian]
2. Nefedova L.V. Informatizatsiya obrazovaniya: Teoriya i praktika [Informatization of education: Theory and practice] (ENU, Astana, 2005). [in Russian]
3. Isabek N.E. Studenty gotovy ispol'zovat' komp'yuternuyu grafiku v svoey professional'noy deyatel'nosti [Students are ready to use computer graphics in their professional work] (Almaty, 2005). [in Kazakh]
4. Begimbay K.M. Sozdavayte professional'nyye proyekty dlya budushchikh dizaynerov, ispol'zuya komp'yuternyye tekhnologii [Create professional designs for future designers using computer technology], Vestnik Evraziyskogo natsional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva [Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University], 2 (76), 56-64 (2010). [in Russian]